



Рисунок 7. Считаете ли Вы, что из-за ошибок в рекламе Вы можете снизить свою грамотность?

На основе анализа проведенного исследования можно сделать следующие выводы. Необходимо более строго относиться к ошибкам, допускаемым в рекламе. Нужно создать организацию, которая будет строго отслеживать и определять ответственность за размещение безграмотно составленных рекламных материалов. Изготовители рекламы и рекламодатели должны быть предупреждены о конкретных санкциях за допущенные ошибки, а также можно ввести инструмент поощрять тех людей, которые не равнодушны к этой проблеме и сообщают об ошибках.

Литература:

1. Закон Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» № 151-І (с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.12.2019 г.)

2. <https://24.kz/ru/news/obzor-pressy/item/297575-rejd-po-vyyavleniyu-oshibok-na-reklamnykh-vyveskakh-proveli-v-karagande>

Косдаулетова А.М., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, Ю-12, студент.

(Ғылыми жетекші – PhD, доцент Ботагарин Р.Б.)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазіргі өмірдегі ең маңызы зор қоғамдық институт ретіндегі сайлау институты өзінің бастауын сонау ерте заманнан алып жатыр. Оған мысал ретіндегі сайлаудың алғашқы үлгісі іспеттес түрі Грекияның және Римнің құл иеленушілік қоғамындағы мемлекеттіліктің маңызды қағидасы болған сайлауларды айтуымызға болады. Әсіресе, капиталистік қоғамдық қатынастар дамып, республикалық басқару нысанының пайда болуына байланысты сайлаудың маңыздылығы одан да арта түседі. Жалпыға бірдей сайлау құқығы негізінде құрылған заң шығарушы органдар сол дәуірдегі қоғамдық қатынастардың жаңа құрылымдарына толығымен жауап беріп келген.

Сайлау дүние жүзіндегі елдердің көпшілігінде қоғамдық саяси өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады. Сайлау арқылы белгілі бір мемлекеттің азаматтары өздеріне берілген саяси құқықтарын толығымен жүзеге асыра отырып, мемлекетті басқаруға жан жақты қатыса алады. Сайлау арқылы билік органдары заңдастырылады. Олар арқылы халық өздерінің өкілдерін анықтайды және оларға өздерінің құқықтарын жүзеге асыруға өкілдіктерін береді. Сайлау саяси және құқықтық жүйені, сондай-ақ тұтас алғанда қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді, мемлекетті басқарудағы қателіктердің орын алуына және жиналуына жол бермейді және қоғамды әлеуметтік толқулардан қорғайды. Сайлау - қоғамның тұрақты дамуының маңызды саяси және құқықтық тетіктері мен алғышарттарының бір болып келеді. Бұл жөнінде Ресей ғалымы В.М. Баглай сайлау «мемлекеттік биліктің барлық құрылымына ең жоғары заңдылықты береді» деп атап өтеді [1, 347 б.]. Ал ғалым В.Затонский болса «демократиялық мемлекеттегі сайлаудың әлеуметтік маңыздылығына» назар аударады. Осылайша, адам мен азаматтың ең маңызды құқықтарының бірі жүзеге асырылады. Сол себепті азаматтардың сайлау құқығы, оардың сайлауға қатысуы, сайлау институты және сайлау жүйесі әр кез өзектілігін жоғалтпаған.

Тіпті Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлының өзі 1998 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында былай деп атап өтеді: «Кез-келген демократияның өзегі еркін және әділ сайлау болып табылады. Олардың біздің демократиямыздағы рөлі де дәл сондай болуы тиіс» [2].

Бүгінде кез келген мемлекет өзінің негізгі заңы Конституциясына сәйкес мемлекеттік билікті ұйымдастырады, сонымен қатар олардың адам және азаматтың аталмыш қоғам өмірімен қарым қатынасын бекіте отырып, мемлекеттік органдар жүйесінің негізін қалайды. Қазақстан Республикасының құрылысы мемлекетті ұйымдастыру тәсілдеріне, оның тұлғамен қатынасына негіз болатын, Конституция нормаларымен бекітілген және оны конституциялық мемлекет ретінде сипаттайтын қоғамдық қатынастардың жүйесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында негіз қалаушы барлық қағидалар бекітілген. Олар – халықтық билік, мемлекеттік егемендік, біртұтастық, биліктерді бөлу принципі, құқықтың үстемдігі, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық жолмен шешу, идеологиялық және саяси әр алуандылық және т.б. принциптер болып жіктеледі. Қазақстан Республикасының мемлекетін құру концепциясында Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының негізгі белгісі ретінде халықтық билікті атап айтуға болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «Мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы халық» деп белгіленген [3]. Халық билікті республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады. Сондай-ақ халық өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. Сондықтан да Қазақстан Республикасын демократиясының тікелей және өкілді нысандары туралы берік сеніммен айтуға болады.

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 1 тармағында былай делінген: «Жалпы белсенді сайлау құқығы – Республиканың азаматтарының сайлауда дауыс беру құқығы он сегіз жасқа толуымен, жалпылама белсенді таңдау құқығы – шығу тегіне, әлеуметтік, дәрежелік немесе мүліктік жағдайына, жынысына, ұлтына, тіліне, дініне, тұрғылықты жеріне немесе өзге де керекті жағдайға қарамастан, 18 жасқа толған Республика азаматтары сайлауда дауыс беруге құқығы бар» [4].

Сайлаулар – демократияға ауысудың бірден бір құралы. Еркін сайлаулардың негізгі қағидалары қамтамасыз етілетін авторитарлы мемлекеттерде олар әлеуметті демократизацияға бұрудың ең мықты құралы болып есептеледі. Сайлаулар арқылы азаматтар мен бүкіл әлеумет үшін демократияға ең жеңіл жол ашылады.

Сайлаулар саяси зорлықтарға мүмкіндік бермейді. Олар арқылы биліктің өзгерістері қан төгіссіз, бейбіт, ойрансыз т.б. болып өтеді.

Сайлаулардың мәні демократияның өміршеңдігі мен тиімділігінің ең басты шарты ретінде еркін сайлаулардың негізгі принциптерін жүзеге асыруы сайлау процессін ұйымдастыруымен тікелей байланысты. Ол Конституция мен Сайлау туралы Заңына сәйкес белгілі құқықтық нормалар бойынша қамтамасыз етіледі.

Біздің елімізде мемлекеттік биліктің жалғыз қайнар көзі-халық. Халық билігін тікелей республикалық референдум және еркін сайлаулар арқылы жүзеге асырады, сонымен қоса, мемлекеттік органдарға өз билігін орындауға құқық береді.

Қазақстан Республикасының негізгі Заңы референдумды және еркін сайлауларды халықтың билігін білдіретін негізгі құрал ретінде белгілейді, олар арқылы азаматтар мемлекеттік істер басқаруға қатысады, өз өкілдерін сайлайды немесе мемлекеттік билік органдарына сайланады.

Соңғы жылдары сайлау компанияларының тәжірибесі Қазақстанның саяси өмірінің ажырамас бөлігі - сайлаулар болғанын көрсетеді. Парламенттегі орындар үшін әр түрлі партиялар күресін, маслихаттағы депутаттық мандат үшін үміткерлер бәсекелесін біз көріп жүрміз. Ол қалыпты процесс, ең бастысы - бекітілген ережелер мен процедуралардың орындалуы. Біз ережелеріміздің көпшілікке танылған бүкіләлемдік стандарттарға сәйкес бола отырып, ұлттық ерекшеліктер мен тарихи дәстүрлерді сақтап қалуға тырысамыз.

Бүгінгі таңда Қазақстанда сайлау процесі мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерін қамтыды, ол елдің саяси жүйесімен бірге дамып, реформаланып жатыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясы және «Қазақстан Республикасының сайлаулар туралы» Конституциялық Заңымен қарастырылған Қазақстан Республикасының Президентін, Мәжіліс пен Қазақстан Республикасының Сенатының депутаттарын, маслихаттардың депутаттарын сайлаулардың тәртібі Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі болып түсіндіріледі.

«Сайлау құқығы» деген түсінік заң жөніндегі әдебиетте екі мағынада қолданылады: субъективтік және объективтік. Объективтік мағынада сайлау құқығы:

1) азаматтардың органдар немесе мемлекеттің лауазымды тұлғаларды сайлауларына қатысуы;

2) осы сайлауларды ұйымдастыруы;

3) сайлаушылар мен үміткерлердің арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін құқықты нормалардың жинағы болып табылады.

Субъективтік мағынадағы сайлау құқығы жеке азаматтың (субъектінің) мемлекеттің өкілді органында немесе лауазымды тұлғаның сайлауына қатысуы.

Сайлау құқығы әр түрлі екі субъективтік құқығына бөлінеді: сайлауға қатысу құқығы (дауыс беру құқығы, сайлау құқығы), яғни белсенді сайлау құқығы;

Сайлану құқығы, яғни пассивті сайлау құқығы – Қазақстан Республикасының азаматының Президентке, Парламенттің немесе маслихаттың депутаты, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшесі болып сайлану құқығы [5, 89 б.].

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 1 тармағында былай делінген: «Жалпы белсенді сайлау құқығы – Республиканың азаматтарының сайлауда дауыс беру құқығы он сегіз жасқа толуымен, жалпылама белсенді таңдау құқығы – шығу тегіне, әлеуметтік, дәрежелік немесе мүліктік жағдайына, жынысына, ұлтына, тіліне, дініне, тұрғылықты жеріне немесе өзге де керекті жағдайға қарамастан, 18 жасқа толған Республика азаматтары сайлауда дауыс беруге құқығы бар».

Бірақ, азаматтардың осы Конституциялық құқығына байланысты Қазақстан Республикасының Заңнамасы бойынша нақты шектеулер қарастырылған. Ендеше, сайлау процессіне қатыса алмайтын тұлғалар: 18 жасқа толмаған жасөспірімдер; соттың шешімі бойынша жарамсыз адамдар, сонымен қатар, сот үкімі бойынша бас бостандығынан айырылған азаматтар.

Қазақстан Республикасындағы сайлау азаматтың мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделген.

Сайлау құқығының келесі қағидалары Қазақстан Республикасының Конституциясында, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда бекітілген. Олар:

1) Жалпыға бірдей қағидаты - жынысына, ұлтына, нәсіліне, дініне, әлеуметтік шығу тегіне және т.б. қарамастан, белгілі бір жасқа жеткен Қазақстан Республикасының барлық азаматтары сайланған мемлекеттік органға сайлануға және сайлауға құқылы. Жалпыға бірдей сайлау құқығы белсенді және пассивті сайлау құқығы болып бөлінеді.

2) Теңдік қағидасы - сайлаушылар Президентті, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарын сайлауға тең негізде қатысады және сайлаушылардың әрқайсысы бір дауысқа ие болады. Әр сайлаушы тек бір тізімге ене алады, осы сайлауларда (Президент, Парламент депутаттары және т.б.) бір-ақ рет дауыс бере алады. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатқа беріледі. Кандидаттар (президенттер, депутаттар үшін) сайлауға қатысуға тең құқылы. Сайлауға тең негізде қатысу, бірде-бір сайлаушының басқа сайлаушылардан артықшылығы болмауымен қамтамасыз етіледі.

3) Тікелей сайлау құқығы қағидаты - Президентті, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын, республиканың жергілікті өзін-өзі басқару мүшелерін азаматтар тікелей сайлайтындығын білдіреді. Қазақстан Республикасында тікелей және жанама депутаттар сайлауы өтті. Жанама сайлау құқығы сайлаушылар - мәслихаттардың депутаттары болып табылатын республика азаматтары Парламент Сенатының депутаттарын сайлауға қатысатындығында.

4) Жасырын дауыс беру қағидаты Президентті, Парламент Мәжілісінің және Сенатының депутаттарын, мәслихаттар депутаттарын, республиканың жергілікті өзін-өзі басқару мүшелерін сайлауда дауыс беру кезінде көрінеді. Бұл сайлаушының ерік-жігерін бақылау мүмкіндігін, сондай-ақ сайлаушының еркіне қысым жасау мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайларда жүзеге асырылады. Сайлау учаскелерінде сайлаушылар өз еркін еркін білдіре алатын арнайы кабиналар жабдықталған. Дауыс берудің құпиялылығы бюллетеньдердің нөмірленбеуі және сайлаушының жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін ескертпелер болмауымен қамтамасыз етіледі. Заң дауыс беру құпиясын бұзуға кінәлі лауазымды тұлғалардың жауаптылығын көздейді.

5) Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлауға ерікті түрде қатысуы қағидаты ешкімнің сайлаушыға оны сайлауға қатысуға немесе оған қатыспауға мәжбүрлеу мақсатында ықпал етуге құқығы жоқ екендігін білдіреді.

Ешқандай басқа мемлекеттік органдардың қандай да бір негіз бойынша азаматтардың сайлау құқығын шектеуге құқығы жоқ. Мысалы, зерттеу изоляторында және уақытша ұстау

изоляциясында сайлау учаскелері мен тұлғалар пайда болады, соған байланысты өзінің конституциялық құқығын іске асырады. (п. 3 ст. 23 «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Конституциялық Заңы). Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік билікті ұйымдастырудың басты принципі еркін сайлау және референдум арқылы жүзеге асырылатынын, ал, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық екендігін белгілейді.

Кеңестік жүйенің ыдырауына байланысты посткеңестік республикалар саяси жүйенің қайта құрылу үдерісінде мемлекеттік билікті еркін қалыптастыру мүмкіндіктеріне ие болды. Осыған сәйкес, біздің еліміз де тәуелсіздік алғаннан бері демократиялану үдерісінде жедел дамуда. 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Декларацияда «халық егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары негізінде тікелей де, сондай-ақ өзі сайлайтын мемлекеттік органдар арқылы да мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асырады», - деп айқын көрсетілген [6, 44-б.]. Сөйтіп, демократиялық қоғамның кепілі ретінде халық өкілді билікті қалыптастыруда ерекше орынға ие болды.

Яғни, әр азаматтың мемлекеттік билікті қалыптастыру арқылы елінің, өзінің және ұрпағының өміріне әсер ете алуына деген сенімнің қалыптасуы маңызды екені белгілі. Сөйтіп, тәуелсіз мемлекетіміз демократиялық даму стратегиясына сәйкес қарыштап, әртүрлі демократиялық модельдерді салыстыра отырып, тиімдісін таңдау негізінде жүзеге асыруға бағытталып отыр деуге негіз бар. Оған дәлел ретінде Президентіміздің «Қазақстанды батыс демократиясының дәстүрлері мен қағидаттарына және Оңтүстік Шығыс Азияның іргелі мемлекеттерінің тәжірибесіне, біздің көпұлтты және көпдінді халқымыздың дәстүрлеріне сәйкес одан әрі демократияландыру» - деп анықтауынан-ақ түпкі мақсатымыз нақты көрініс тапқан. Ол жол – халқымыздың өкілді билікті қалыптастырудағы басты рөлі.

Қазақстанда сайлауларды және референдумдарды өткізудің ережелері, рәсімдері мен негізгі ұстанымдары ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңмен, Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңымен, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының қаулыларымен белгіленеді.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабында Қазақстан азаматтары тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқылы делінген. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Азаматтарды сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның ерік білдіруін шектеуге ешкімнің құқығы жоқ.

Француз ғалымы М. Дюверженің пікірі бойынша «жалпыға бірдей сайлау құқығы – бұл қабілеттіліктер мен мүлікке байланысты шарттарға шек қойылмаған сайлау жүйесі» [7, 46-б.]. Бірақ та бұл идеалистік түсінік мемлекеттердің көбісі қолдамайды. Өйткені кез келген мемлекетте сайлау бойынша қандай да бір шектеулер бар. Мысалы, Қазақстан Республикасы заңына сәйкес 18 жасқа толмаған, сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар қатыспайды.

Демократияны құру жолындағы мемлекеттер азаматтардың сайлау құқығын шектейтін әр түрлі цензалар кеңінен қолданады. Бұл цензалардың көбісі тарихи, дәстүрлі түрінде қалыптасты.

Тұрғылықты жер цензасы бойынша АҚШ және Австралияда белсенді сайлау құқығын алу үшін бір ай бойы сайлау округінде тұру жеткілікті болса, Индияда – 180 күн, Канадада – бір жыл, Норвегияда – бес жыл, Тайландта – 20 жылдан кем емес тұру қажет.

Әлемдік тәжірибеде жеңімпаздар мен жеңілгендерді анықтайтын сайлау нәтижелерін алу үшін мемлекет сайлау жүйесінің екі негізгі түрін қолданады:

- Мажоритарлық
- Пропорционалды

Мажоритарлық жүйе сайлау кезінде кандидат көпшілік дауыс жинауы керек дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, мажоритарлық жүйе - бұл мандат алу үшін заңмен белгіленген көпшілік дауыс жинау қажет болатын дауыс беру нәтижелерін анықтау әдісі.

Бұл жүйенің басты ережесі - «жеңімпаз бәрін алады» ережесі. Бұл жүйенің түрлері - салыстырмалы көпшіліктің көпшілік жүйесі және абсолютті көпшіліктің мажоритарлық жүйесі. Абсолютті мажоритарлық жүйе бойынша кандидат сайлануы үшін округте берілген дауыстардың абсолютті көпшілігін алуы керек.

Бұл жүйенің артықшылығы - нәтижелерді анықтаудың қарапайымдылығы және сайланған депутат сайлаушылардың басым көпшілігін білдіретіндігі.

Салыстырмалы көпшіліктің мажоритарлық жүйесі бойынша үміткер жеке-жеке қарсыластарының әрқайсысына қарағанда көп дауыс жинаған болып саналады. Бұл жүйе дауыс берудің бірінші раундында жеңімпазды анықтауға мүмкіндік береді.

Мажоритарлық жүйе Англияда, АҚШ-та, Францияда, Жапонияда құрылды. Көптеген континенталды Еуропа елдері пропорционалды жүйені қолданады.

Пропорционалды сайлау жүйесі - бұл әр партия алған дауыстар санына пропорцияда орындарды бөлу қағидасына негізделген дауыс беру нәтижелерін анықтау әдісі.

Мұндай жүйеде үлкен сайлау округтері құрылады, олардың әрқайсысынан бірнеше депутат сайланады. Көбінесе бүкіл ел сайлау округіне айналады. Сайлау тек партиялық негізде өтеді: әр партия бос лауазымға үміткерлердің жеке тізімін ұсынады, сайлаушы жеке адамға емес, тұтастай бір немесе басқа партиялық тізімге дауыс береді. Тізімнің ішінде сенім грамоталары үміткерлердің тізімде орналасу реті бойынша таратылады. Мұндай жүйемен тәуелсіз деп аталатын кандидатты ұсыну мүмкін емес, яғни сайлану үшін сіз тізімге кіруіңіз керек.

Жоғарыда көрсетілген қағидаттар Республика Президентін, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын, республиканың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде қолданылады. Республика Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жасырын дауыс беру арқылы жанама сайлау құқығы негізінде өткізіледі.

Бүгінде Конституциялық құқықтың маңызды институттарының бірі болып сайлау құқығы табылады. Ол мемлекеттің басшысын, жоғары және жергілікті өкілді органдарды сайлау кезінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейді. Қазақстан Республикасының сайлау құқығы түсінігіне Қазақстан Республикасы Президентін, Қазақстан Республикасының Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттарын, маслихаттар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының депутаттарын сайлауға Қазақстан Республикасы азаматтарының қатысу құқығына негізделген, сайлауды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бекітетін және реттейтін конституциялық-құқықтық нормалардың жиынтығы жатады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының сайлау құқығы деп Президентті, Парламент депутаттарын, Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін, сондай-ақ республика азаматтарына жоғарыда аталған лауазымды тұлғалардың немесе мемлекеттік органдардың сайлауға қатысуына мүмкіндік беретін құқықтық ережелер жиынтығы түсініліуі керек және жергілікті басқару.

Біздің ойымызша, сайлау жүйесін сайлау заңнамасы негізінде сайлау өткізу және оның нәтижелерін анықтау тәртібі деп түсіну керек.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келетін болсақ, азаматтардың өз еріктерін білдіруі, саяси құқықтарын жүзеге асыруы, бір жағынан жария билікті жүргізу мен басқару тетігінің ажырамас бір бөлігі болса, екінші жағынан мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттестігін білдіреді. Қазақстан Республикасы құқықтық әрі демократиялық мемлекет құру барысында барлық жағдайларды жасауда. Бұған Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылданған уақытынан бергі жалпы, тең әрі тікелей дауыс беруге негізделген Қазақстандық сайлау жүйесінің қалыптасуы дәлел болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баглай М.В. Конституционное право Российской Федерации. Москва, Норма ИНФРА-М, 1998.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 1998 жылғы 30 қыркүйек. - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K980001998>.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған). (2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).- <https://online.zakon.kz>.
4. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы.- <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464>.
5. Избирательное право Республики Казахстан (теоретико-правовые вопросы). Монография. Алматы: Жеті Жарғы. 2001.

6. Котов А.Н. Суверенный Казахстан: гражданин, нация, народ. Алматы "Жеті жарғы" 1997.
7. Дюверже М. Политические партии: пер.с фр. / Дюверже, М.- М.: Академический Проект, 2000. - 558с.

Кошева М.В., Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, факультет экономики управления и предпринимательства, гр.Эко-23, студентка
(*Научный руководитель - к.х.н., доцент Исабаев А.С.*)

ВЛИЯНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ФАКТОРОВ НА ОЦЕНКУ СТОИМОСТИ НЕДВИЖИМОСТИ

Экологические факторы в контексте оценки недвижимости - это совокупность чисто природных и природно-антропогенных факторов, не являющихся средствами труда, предметами потребления или источниками энергии и сырья, но оказывающих непосредственное воздействие на эффективность и полезность использования объекта недвижимости. От того, насколько благоприятна экологическая обстановка на территории, на которой размещен, например, жилой дом или офисное здание, зависят масштабы спроса на эти объекты недвижимости. Следовательно, стоимость данных объектов находится в прямой зависимости от уровня атмосферного, шумового и иного загрязнения окружающей эти объекты природно-антропогенной среды [1, с.32].

Многообразие такого вида экологических факторов далеко не исчерпывается представленным перечнем. Система измерений этих факторов, влияющих на рыночную стоимость объекта недвижимости, достаточно сложна, исходя из субъективной основы их ценности. В этой связи при проведении экологической экспертизы этих факторов можно ограничиваться лишь качественным анализом, но при этом аналитик должен достаточно полно раскрыть их качественную характеристику.

В зависимости от научно-технических и экономических возможностей целенаправленного изменения характеристик экологических факторов их можно подразделить на управляемые и неуправляемые. К управляемым факторам относятся уровень чистоты потребляемой воды, лесистость территории и разнообразие зеленых насаждений, режим увлажнения, оползневая опасность и т. п. К неуправляемым экологическим факторам относятся тип почв, рельеф местности, ветровой режим, температурный режим, сейсмичность территории, загрязнение воздушного бассейна, шумовое, радиационное и другое антропогенное загрязнение и т.п. [2, с.87].

Представленная классификация экологических факторов достаточно условна и зависит от уровней научно-технического прогресса и социально-экономического развития конкретного региона. Например, в определенной мере шумовое загрязнение в аспекте использования жилых и офисных зданий можно рассматривать и как управляемый экологический фактор, так как в настоящее время имеются технические средства, снижающие негативное воздействие шума на обитателей этого вида недвижимости: шумопоглощающие оконные рамы, внутренняя перепланировка здания с целью снижения прямого воздействия шума и т. д.

Сделки с недвижимостью, как правило, имеют долгосрочный характер, а это требует от профессионального оценщика недвижимости адекватного отражения влияния экологических факторов (позитивных и негативных) на стоимость недвижимости. Профессиональный оценщик может реализовать оценку влияния негативного экологического фактора на стоимость недвижимости с помощью расчета экономического ущерба, причиняемого объекту недвижимости, используя значения затрат (предельных) на предотвращение и компенсацию воздействия негативного экологического фактора на объект недвижимости. В зависимости от поставленной задачи оценки влияния экологических факторов на стоимость недвижимости относительно масштабов и уровня точности проводимых расчетов возможны два подхода. Первый ориентирован на достаточно глубокую и детальную проработку всех рассматриваемых эколого-экономических вопросов, что требует привлечения специалистов смежных отраслей знания (экологов, гидрометеорологов, специалистов по антикоррозионной защите и санитарной гигиене и т.д.). Второй подход базируется на возможности использования профессиональным оценщиком нормативно-справочной информации, позволяющей ему самостоятельно проводить расчеты по оценке влияния экологических факторов на стоимость недвижимости.